

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы : «Нурлы шын» ЖШС балабақшасы

Топ : «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 11-15 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)				
	Балалармен бірге «Мен демалыс күнімді қалай өткіздім?»тақырыбында пікір таластыру (Кім қайда барды, демалыс несімен ұнады, т.б. сұрақтар) Мақсаты: бір – бірімен жағымды қарым қатынас жасау қабілеттерін,бірін-бірі тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру ,өз ойларын жеткізе	Дидактикалық ойын: «Түстеріне қарай топтастыр» Мақсаты: Берілген заттарды түстеріне қарай топтастыра отырып, санай білуге үйрету. Аз қимылды ойын: «Ұшады, ұшпайды» (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Менің балабақшам» Мақсаты: тақпақ айту арқылы дыбыстарды анық айтуға үйрете отырып, сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Аз қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» «Сақина тастамақ» (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Шалқан» ертегісі Мақсаты: ертегідегі кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Үстел үсті ойындары:Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика. Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)	«Тақия тастамақ» ұлттық ойын. Мақсаты: балаларды ойын арқылы түрлі бағытта жүгіруге баулу. Үстел үсті ойыны: "Кесілген суреттерді құрастыру Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, дене шынықтыру)

	білуге дағдыландыру (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				
	Ата-аналармен әңгімелесу: Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу.	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде)	Ата-аналарға арнайы буклеттер жасау арқылы кеңес беру : «Отбасым-ортақ мекенім!»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта р қарау және тағы басқа әрекеттер)	Д/О «Вагондарға дөңгелек таңдау» Мақсаты: геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. (математика негіздері, құрастыру)	Д/О «Әдемі сандық» Мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Тұрмыстық заттар мен қоршаған орта заттарының қолдану маңыздылығын түсіндіру. (сөйлеуді дамыту - коммуникативтік іс-әрекет) Үстел үсті ойындары: «Домино», «Мозайка», «пазл».	«Кітап бұрышына саяхат» Мақсаты: балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. (көркем әдебиет, қарым-қатынас, қоршаған ортамен танысу-танымдық іс-әрекет) Аз қимылды ойын: «Музыкалық жұмбақтар» (қарым-қатынас, шығармашылық ойын.) «Ортасына тез жет»	«Түрлі-түсті қарындаштар» Мақсаты: балалардың бояулармен, қарындаштармен сурет салу техникасын жетілдіру. (сурет салу шығармашылық ойын.) Ұлттық ҚО: «Соқыртеке» Қ/О: «Шабәк пен шортан»	"Пішіндер неге ұқсайды" Мақсаты: пішіндерді қандай заттарға ұқсастығын табу. (математика негіздері, танымдық ойын) Д/О «Жер, су, ауа» Мақсаты: балаларды көліктердің түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. (қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет)
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру түрлері, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары. Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Үйшік» «Биік те, аласа да емес» Б.қ. н.т. 1-3- қолды жоғары көтереміз; Б.қ. «Үйшікте кім тұрады?» Б.қ. тік тұру, қол белде, аяқ алшақ; 1-2- оңға бұрылу; 3-4- б.қ.				

	5-6- солға бұрылу; 7-8- б.қ. «Аласа үйшікте кім тұрады?» Б.қ. т.с. 1-2- отырып, қолды еденге қою;3-4- б.қ. «Үйшікте аңдар тұрады» Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде, орнында аңдар қимылын имитациялау; «Жеңіл жүру» Шеңбер бойымен жүру				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	«Ас ішу тәртібі» (әңгіме)	«Ас атасы - нан» (тақпақ)	«Таза қолдар» (ойын жаттығу)	«Дастархан басындағы дәстүрлер» (әңгіме)	«Ас адамның арқауы» (сұхбат)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.				
	Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» Мақсаты: ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету. (Көркем әдебиет,	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікте бағдарлау. (Қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)	«Керісінше айт!» Мақсаты: ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. (Сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды?» Мақсаты: біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету. (Математика негіздері, құрастыру)	Дидактикалық ойын: «Пішінді құрастыр» Мақсаты:әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру. (Құрастыру, математика негіздері)

	қазақ тілі)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кім епті?» Міндеті: Жалпы дамытушы жаттығулар. Сапта бір-бірлеп жүруге, бір қалыпты аяқтың ұшымен жүруге, жүгіруге үйрету. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Сапта бір-бірлеп жүру - Бір қалыпты аяқтың ұшымен жүру - Жүгіру Қ\О: «Кім епті?» Мақсаты: кеглилер ортасымен затпен, затсыз өту, жыланша	Дене шынықтыру Тақырыбы: «Кім қалай секіре алады?» Міндеті: Жалпы дамытушы жаттығулар. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: -Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру -Аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. Қ\О: «Қазан» Мақсаты: Топқа бөлініп, белдерінен ұстап тартысып, шұңқырға түспеуге тырысу. Тыныс алу	Музыка (маман жоспарына сай)	Дене шынықтыру (Таза ауада) Тақырыбы: «Кім жылдам?» Міндеті: Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар. Шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өту қимылдарын жасау. ҰІӨ барысы: Жалпы жетілдіруші жаттығу түрлерін орындау. Негізгі қимыл жаттығуларын орындау: - Шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып	Қазақ тілі Тақырыбы: «Менің үйім» Міндеті: Заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету; ҰІӨ барысы: Шаттық шеңберінде бір-біріне жағымды көңіл-күй сыйлау. -Армысың –Ару аспан -Армысың –Жер Ана Амансыңдар ма, достарым, Сендерді көрсем қуанам! Артикуляциялық жаттығулар орындау. Дидактикалық ойын: «Менің үйім» Мақсаты: Заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға үйрету Пішіндерден үй құрастыру. Еркін ойындар ойнау.

	жүру. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.	жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.		өту қимылдарын жасау. Қ/О: «Кім жылдам?» Сомакатпен жарысу арқылы шапшандыққа баулу. Тыныс алу жаттығулары. Еркін ойындар ойнау.	
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	«Орнынды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ моториканы дамыту.
Серуен	Серуен № 6 Бақылау:Құстардың қысқы тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып,	Серуен №7 Бақылау:Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза	Серуен №8 Бақылау: Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. Еңбек:Жапырақтарда н гүл шоғын жасау	Серуен №9Бақылау:Алтын күзді бақылау. Мақсаты: Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте	Серуен №10Бақылау: Жәндіктерді бақылау. Мақсаты: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.

кейбіреуінің жылы жаққаушып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: «Құстар қайтып барады». Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып,	алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Үдыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар». Мақсаты: Топ	Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Аю жүрген орманда». Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту Қимылдық ойын: «Монданақ». Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене	өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Мерекелі күз келді Кел жемісті алтын күз Кемелденсін халқымыз. Қимылдық ойын: «Жылғада қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр». Мақсаты: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету. Еңбек: «Таза алаң» Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»	«Қыстың қамын жаз ойла». Еңбек: Біздің алаң. Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету. Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату. Мақсаты: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірма» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру. Қимылдық ойын: «Итеріспек» Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен
--	---	---	--	---

Құстар қайтып барады Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сымсыз телефон». Ойын барысы: Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқ	болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін	отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ Тренинг: «Бір шаңырақ астында». (Дене шынықтыру, Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік,қоршаған ортаменн таныстыру)	Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. Қимылдық ойын: «Көрші». Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар	қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау. (Дене шынықтыру, Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік,қоршаған ортаменн таныстыру)
---	---	--	---	--

	ы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді. Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б Дербес ойындар: 1. Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. Тренинг: «Құс болып ұшайық» (Дене шынықтыру, Көркем әдебиет, қазақ тілі, музыка, қоршаған ортамен таныстыру)	өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып, соны күлдіруге күш салады. Өзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады. Ал, сөйлеп, күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді. Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. Балалардың өз		тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса, қолынан жетектеп әкеліп, топтың алдына келіп тұрады. Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп, теріс қарап тұрады. Ортасында тұрған қасқыр қуып береді. Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді. Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. Дербес ойындар. Тренинг: «Біз	
--	--	--	--	---	--

		бетімен ойнауы: 1. Өткеншек тебу. 2. Допты қуалау. Тренинг: «Біз біргеміз». (Дене шынықтыру, Көркем әдебиет қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)		татумыз». (Дене шынықтыру, Көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру)	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары, санамақтар қайталау т.б. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, ойын әрекеті, еңбек қызметі)				
	Артикуляциялық жаттығу «Жеке бастың тазалығы» Мақал-мәтел. Ойын жаттығулары: «Тазалықтың досы» (Қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу «Шаш күтімі» Тіл ұстарту жаттығуы Ға ға ға Ұшып кетті қарға (Қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу Ескірмейтін сөздер. (үйге қарай жүгірме, бүйіріңді таянба т.б.) Ойын жаттығулары: «Киімдерін ұқыпты жинау» (Қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу Жаңылтпаш жаттау Орта қойдым, торта қойдым Торта қойдым жорта қойдым. (Қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу Санамақ жаттау Бір дегенім бесік, Шықтық содан өсіп. Екі дегенім елім Далам, тауым, көлім Ойын жаттығулары: «Таза қолдар» (Қазақ тілі)
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыстарды – аяқтарды қою, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу, қолды дұрыс сүрту, сүлгіні іліп қою, көркем сөздерді қолдану). Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақты ұқыпты ішу, тамақ ішкенде сөйлемей, алғыс айту)				
	Дастарқан басындағы дәстүрлер:	«Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков	Ырым, тыйым сөз Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге	Ас ішу тәртібі: Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға,	Ас туралы мақал мәтел «Ас атасы нан, нан

	Дастархан басында адамадар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді.	жаттау Гигиеналық шара: «Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, мандайың»	болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же.	теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек.	атасы дән»
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау (тыныш музыка тыңдау). Ертегі айту, кітіп оқу (көркемдік қызмет) (Музыка)				
	Тыныш күйге енеді, Мойындарымыз да жайымен. Еркіндеріміз сәл ашылып Дем аламыз жайымен. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы Дем алады барлығы. (әуенмен)	Кірпіктеріміз айкасты, Көздеріміз жұмылды. Дем аламыз жай ғана, Ұйқыға біз кірістік. (әуенмен)	Мойын, бас, қол, аяқтар, Ғажайып бір күйге енді. Дем алады барлығы, Тыныш бір күй кешеді. (әуенмен)	Қолдарымыз да дем алды, Аяқтарымыз да дем алды. Дем алады барлығы, Дем алады барлығы. (әуенмен)
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) (дене белсенділігі)				
	Сергіту гимнастикасын жүргізу. Салқын сумен шайыну.	Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру.	Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. Ауаны алмастырып таза ауада дем алу.	Беті-қолын, мойынын салқын бсумен жуу. Көзге арналған жаттығулар.	Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет				

	көрсету, еңбек қызметі) балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру (сөйлеуді дамыту)				
	«Ұқыпты тамақтану» (сурет бойынша әңгіме)	Ас туралы мақал мәтел «Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы»	Тыйым сөз «Дәнді шашпа, Нанды баспа»	Ойын жаттығу: Асықпай іш тамақты Жалама ыдыс аяқты	Дастархан басында өзін өзі ұстауы (шағын әңгіме)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейн елеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	Дидактикалық ойын : «Жеке гигиена заттарын таңда» Мақсаты:заттарды тани білуге және атай білу.(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Сюжетті рөлді ойын: «Қуыршақты тамақтандыру» (қарым – қатынас әс-әрекеті , мәдени-гигиеналық дағдылар Аз қимылды ойын:	Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін тап?» Мақсаты: берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге, ұқыптылыққа,зейінділікке баулу. (сурет салу-шығармашылық – зерттеушілік қызмет) «Үйшік» ертегісін рөлдерге бөлу. Мақсаты: кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. (көркем әдебиет, қарым-қатынас,)	Дидактикалық ойын: «Ретімен орналастыр» Мақсаты: мөлшері және көлемі бойынша ретімен орналастыру,атау. (математика негіздері-ойын,танымдық, коммуникативтік іс-әрекет) Сюжетті рөлді ойын: «Отбасы» (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет)	Бейнелі –рөлдік ойын «Отбасы» Мақсаты: балаларды рөлдерді бөлуге және орындауға ,өзара әрекеттесуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) «Бауырсақ» ертегісін рөлдерге бөлу. Аз қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» «Сақина тастамақ» Қимылды ойын: «Өз жұбыңды тап» «Тымпи	Апта қорытындысы бойынша «Бақшадағы бір күнім» тақырыбына постер дайындау. Мақсаты : балаларды ұжымдық жұмысты орындай білуге үйрету,ұзын-қысқа,түзу жолақшаларды кесу,қию. (жапсыру-шығармашылық еңбек, коммуникативтік қызмет) Ойын:«Жолда жүру ережесі» Шарты: Жол белгілерін атай отырып, жолда жүру ережесін сақтайды, көрсетеді. (қоршаған ортамен танысу-

	«Менікі бұрыс, сенікі дұрыс» «Жейтін, жемейтін»				танымдық ойын, коммуникативтік қызмет) Сюжетті рөлді ойын: «Дәрігер» (физикалық, коммуникативтік дағды). «Мақта қыз бен мысық» ертегісін рөлдерге бөлу.
Балалармен жеке жұмыс	Арыстанға ересектермен бірге ән айтуға ынталандыру.	Томириске көкөністер мен жемістерді ажырата алуға үйрету.	Р.Кәусарға2-3 сөзден тұратын тіркестерді қолданып, сөйлем құрауға үйрету.	Сафияға жануарларды ажырата алуға үйрету.	Айзереге көліктерді ажырата алуға үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну (ауа-райына байланысты),дұрыс киіне білулерін бақылау (сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)				
	Қазір жылдың қай мезгілі? Күз мезгілінің неше айы бар?	«Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу)	«Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме)	«Сондай бала болама?» (өлең оқып беру)	«Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме)
Серуен	Ойын аландарын тазалау (еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату				
	Өз бетінше ойын «Балабақшам» Жеке баламен жұмыс: Жұмбақ жасыру	Өз бетінші ойынЖеке баламен жұмыс :Тіл ұстарту жаттығуы. Аң,аң	Өз бетіншіе ойын Жеке баламен жұмыс « Табиғатым тамаша» әңгіме	Өз бетінше ойын Жеке баламен жұмыс « Күз» туралы тақпақ жаттау	Өз бетінше ойын Жеке баламен жұмыс «Жаңылытпаш» Есет атам ет сатар, Ет асатса бес асатар

		Аң патшасы арыстан.			(барлық бала)
Балалардың дербес әрекеті	Балалардың әр –түрлі іс-әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылады (ойын,қимыл-қозғалыс,танымдық,шығармашылық-зертеушілік,эксперименттік ,еңбек ,дербес)				
	Өз қызығушылықтары бойынша сурет салу	Қ/О «Күн мен жаңбыр». Мақсаты: балалардың белгі бойынша қимылдарды жасай білу дағдылары .	Қ/О «Балақай» Мақсаты: балалардың ой-қиялдарын дамыту, қойылған сұраққа зейін аудара отырып жауап беруге дағдыландыру.	Бейнелі –рөлдік ойын : «Ала күшік» Мақсаты: ойын ерекшелігімен тәрбиелек маңызы және сюжеттік мәні ,балаларды сақтыққа тәрбиелейді, қиындықты жеңуге ,батылдыққа баулиды.	Үстел- үсті ойындары: «Көкөністер мен жемістер» доминосы. Мақсаты: балалардың ой-қиялдарын дамыту ғ ойын арқылы көрсете білуге үйрету.
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап, кеңес түрлерін беру.				